

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)*

## **Нысанбай жырау — «Кенесары-Наурызбай» дастанының туындыгері, қазақ тарихының аса көрнекті тұлғаларының бірі**

XIX ғасырдың көрнекті суырып-салма ақыны Нысанбай Жаманқұлұлының өмірі мен қызметі суреттелген. Өзінің эпостық-поэзиялық шығармаларында патшалы Ресейге қарсы 1837–1847 жылдары Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысының маңызы мен қажеттілігі дәйектілікпен пайымдалған. Нысанбай жырау қазақтардың соңғы ханы Кенесарының барлық ерліктерін жырлап қана қоймай, сондай-ақ оның батырдың бастауымен жүргізілген барлық ұрыстар мен басты шайқастардың тікелей қатысушысы болғаны да дәріптеліп көрсетілген. Ал бұл оның «Кенесары-Наурызбай» поэмасында келтірілген барлық деректердің құндылығы мен шынайылығын арттырып әспеттейтіндігі туралы қорытынды жасалған. Соңғы жылдары қазақ халқының осынау даңқты ұлының есімін мәңгілік ететін ескерткіш орнату үшін Нысанбай жыраудың мүрдесінің жерленген орнын дәл анықтау бағытында жүргізілген іс-шаралардың маңызы ашылған.

*Кілт сөздер:* тарих, сомдау, жырау, саясат, жыр-дастандар, тегі, туған жері, пікір, жоқтау, бейне.

### *Kipicne*

Қазақтың елін, жерін Ресей империясы XIX ғасырда бұрынғыдан ерекше, екілене отарлай бастады. Абылай ханмен жасасқан келісім-шарттарды өрескел бұза отырып, қазақтың даласына ешкімнен тайсалмастан терең бойлап ене берді. Олардың бұл қылықтарына елім деп туған ержүрек ата-бабаларымыз бейжай қарап отыра алмады. Өзге елдің құлдығына түсуге үзілді-кесілді қарсы шыққан жаужүрек бабаларымыздың бірі және бірегейі ұлы Абылай ханның немересі — хан Кене еді. Қазір бір ғана Кенесары Қасымұлының тарихи бейнесі арқылы сол бір аласапыран кезеңдегі ұлттық сананың тарихын сомдауға болады.

Кене ханның тарихи бейнесін сомдаған тарихи еңбектер баршылық.

Кенесары мен Наурызбайдың батырлығы талай жырға арқау болып, көзсіз ерлікті шетел ғалымдары да мойындаған. Алайда шетел ғалымдарынсыз-ақ бір кездері қазақ қариялары Кене хан туралы жырлар мен әңгімелерді жатқа айтып, қазақ елінің соңғы ханының болмысын жақсы білген еді.

Кенесары Қасымұлы туралы алуан түрлі пікірлер де бар. Алайда қазақ мінезін жақсы білетін адам Кене ханды ұлттық батыр ретінде мойындайды. Ол он жыл бойы қар жамылып, мұз жастанып жүріп, орыс отарлаушыларымен аянбай соғысты. Оның жанына елінің, жерінің, ұрпағының болашағын ойлаған хас батырлар шоғырланды. Сонымен қатар хан Кененің жанында оның ерлік істерін халыққа жеткізіп отыратын ақын-жыраулар да болды. Олардың ішіндегі ең шоқтығы биігі — Нысанбай жырау Жаманқұлұлы.

### *Кеңестік кезінде Кенесары-Наурызбайдың ұлт-азаттық көтерілісіне арналған еңбектердің жариялануы*

Кенесары мен Наурызбайдың есімдері патшалы Ресей кезінде де, кеңес үкіметі жылдарында да жабық тақырып болып келді. Себебі Кенесары қолына қару алып қарсы күрескен патша отаршыларының саясаты жаңа дәуірде сыртқы формасы өзгергенімен де мазмұн-мәні жаңаша социал-империялық сипатта жалғасын тапты.

Бұл туралы филология ғылымдарының докторы, профессор Дандай Ысқақұлы былайша ой қозғайды: «Қанша күшті болғанымен де, Кеңес үкіметі қазақтың ұлт-азаттық күреске толы тарихын өшіре алмады. Ресми түрде жабық болғанымен жүректерде жазылып қалған Кенесары туралы аңыз-жырлар неше ұрпақтардың ұлттық сана-сезімдерін оятып, рухани жағынан байыта түсті... XIX ғасырда туған көптеген жыр-дастандарды былай қойғанның өзінде кеңестік кезеңде де Кенесары туралы бірнеше еңбектер жарық көрді. Солардың ішінде М.Әуезовтің «Хан Кене» (1934) пьесасын, Е.Бекмахановтың «XIX ғасырдың 20–40-жылдарындағы Қазақстан» (1947) атты монографиясын, І.Есенберлиннің «Қаһар» романын ерекше атау керек [1].»

1912 жылы Қазан қаласында Ж.Шайхисыламулының құрастыруымен Нысанбай жыраудың «Кенесары–Наурызбай» атты дастаны алғаш рет жарық көрді. Бұл еңбек содан кейін араға көп жыл салып, Х.Досмұхамедовтың құрастыруымен 1923 жылы Ташкент қаласында жеке кітап болып басылып шықты. Соның алғы сөзінде Х.Досмұхамедов былай дейді: «Кенесары, Наурызбайдың Алатаудағы соғысы туралы Нысанбай ақынның шығарған өлеңі бүтін қазақ арасына жайылды. Дұрысталып тасқа басылып шықпаған соң, Нысанбайдың өлеңі өзгеріп, әр жерде әр түрлі айтылады. Әсіресе Түркістан арасындағы қазақтардың айтып жүрген «Кенесары–Наурызбайында» көп жалған бар. Ел ішінде айтылып жүрген өлеңдердің көбі қырғызды жамандап, мұқатып, кемітіп, орынсыз қазақты мақтайды. Екі рудың арасына орынсыз ала көңілдік кіргізеді. «Кенесары–Наурызбайды» қазақ-қырғыз білім комиссиясының шығарудағы мақсаты мынау болды: 1) Алатаудағы соғыс туралы Нысанбай ақынның шығарған сөзінің дұрыс нұсқасын беру. 2) Ел арасындағы Нысанбай сөзі аталып, сынар езу сөйленіп жүрген сөздердің әсерін жою. 3) Мектептерде оқылатын ана тілі үшін тарихи поэманың үлгісін беру. 4) Ел әдебиетінен алынған сөздерді қалай етіп шығару туралы қолдан келгенше үлгі көрсетіп, жол салу. «Кенесары–Наурызбайды» баспаға берместен бұрын бірқатар қырғыз туғандарымыздың оқығандарына көрсетіп, олардың сынына салдық, олар жағынан ешбір бөтен сөз болған жоқ» [2].

Нысанбай жыраудың шығармасында елшілдік-мемлекетшілдік идея мәселесі, тарихи тұлғалардың есімдері жарқын түрде көрініс тапқан.

*Жыраудың шыққан тегі мен жастық шағы туралы айтылған пікірлер*

«Кенесары–Наурызбай» жырымен бірге Нысанбай есімінің де көпке жақсы таныс болғаны мәлім. Солай болса да, Нысанбайдың шыққан тегі, туған жері туралы әр түрлі пікірлер айтылып келеді:

1. Кене ханның жауынгері әрі көтеріліс насихатшысы болған Нысанбайдың тағдыр-талайы жөнінде ғұлама ғалым Е.Бекмаханов: «Руы Керей... Кенесары өлген соң, Нысанбай Орта Азияны кезіп жүріп, 1870 жылы дүниесін салды» [3; 41–43], — деп көрсеткен.

2. 1993 жылы жарық көрген «Хан Кене» жинағындағы «Кенесары–Наурызбай» жырының алғы сөзінде Ә.Тәжібаев былай деп жазған: «Мұхтар Әуезов өте ірі тұлға және көреген ақын деп санаған Нысанбай XIX ғасырда өмір сүрген, көкшетаулық, Кенесары ханның ең жақын достарының бірі, оның сүйікті жырауы» [4; 16].

3. Белгілі ғалым Ә.Қоныратбаев Нысанбайдың Сыр бойының қазағы екенін ескерткен.

4. Әдебиеттанушы ғалым П.Бисенбаевтың пайымдауынша, дұрысы Нысанбай Жаманқұлұлы 1822 жылы Сыр бойында дүниеге келген. Ата-тегін айтар болсақ, бұл кісі Кіші жүз, Жетіру-Керейт тайпасының Ашамайлы аталығынан тарайды. Ал оның Кенесары жасағына қосылуы — 1837 жыл. «Кенесары-Наурызбай жырының Қ.Қараев нұсқасындағы:

*Нәсіл затым сұрасаң,  
Ашамайлы Керейтпін,  
Он жасыма келгенде,  
Қарыма қобыз ілгенмін.  
Он бір жасқа келгенде,  
Сөз мәнісін білгенмін.  
Он екі жасқа келгенде,  
Жақсының алдын көргенмін.  
Он бес жасқа келген соң,  
Кенесары, Наурызбай  
Төрені іздеп келгенмін, —*

деп келетін ақынның жастық шағынан мәлімет беретін жолдар шындыққа саяды [5; 78].

Демек, Нысанбайдың көтеріліс басталған тұста Кенесары қасында болғаны анық. Кене ханның: «Басығарадай батыр жоқ, Нысанбайдай ақын жоқ» деп беретін бағасы да көтерілістің бастапқы жылдарына дөп келеді.

*Нысанбай жыраудың Кенесары мен Наурызбайдың ұлт алдында  
атқарған істерін ұрпақ санасында қалдыруды көздегені*

Даңқты жыраулар тарихи оқиғаның ішіндегі бар шындықты өзінің руханиятына енгізіп, тарихта қалдыруды өз міндетіне алған. Соның бір мысалы ретінде Кенесары мен Наурызбайдың тағдыры мен тарихын ұрпаққа жеткізген Нысанбай жыраудың қызметін айтуға болады.

Батырлық рух билеген адамның ұрпаққа көрсетер өнегесі елді қорғау, ұрпақтың ұлттық рухын сақтау, елдің мүддесіне қорған болатын елдіктің қабырғасын тіктейту. Батырдың көздеген идеясын халық тегістей түсінгенде ғана бұл идея тегістей жүзеге аспақ. Бұл жөнінде Нысанбай жырау тарих бетінде былай деп жырлап өткен [4; 17]:

*Әркімнің Алла панасы,  
Дарияның аққан саласы,  
Кешегі өткен Кенекем  
Дүрри-гауһар данасы!  
Арқадан ауып кеткені —  
Бұ жақтағы жұртының  
Ауызының аласы.  
Әуелгі мекен қонысы —  
Көкшетаудың даласы.  
Жазғы жайлау өрісі —  
Ұлытаудың саласы.  
Өте залым болмаңдар,  
Мұсылманның баласы!  
Ақырында олардың  
Қырғыздан болды қазасы...*

Бір ғана Кенесары–Наурызбайдың тағдыры, олардың ұлттық рухымыздың бойына сіңген тарихы ұлттық мүддеміздің биік шыңдарының бірі. Бұл алдағы уақытта батырлықты ерекше бағалауды үйретеді. Бұл құндылық ұрпақ тарапынан жоғары бағаланып жүзеге асып отырады.

Ерлердің достығы адал, жолдастығы опалы, сенімдестігі берік, іс-қимылдары иықтас болуы — уәзипа! Осы идеяны Нысанбай жырау [4; 51]:

*Ала бір таудың жылғасы,  
Баурында ойнар құлжасы.  
Тар жерде жолдас болады  
Ерлердің найза құрдасы.  
Белсеніп жауға шабады  
Жігіттің жанға мырзасы, —*

деген өлең-нақылмен нақыштайды. Жанқиярлық, жанкештілік секілді салмақты, қомақты ұғымдарды «Жанға мырзасылық» деген тың ұқсату арқылы айшықтағаны — ақындық тапқырлық.

Әйгілі дастандағы мынау бір жоқтаудың кестесі келістірек, сөз сайлауы жемістірек [4; 54]:

*Жаның қайда жай табар,  
Жадында Жаптар болмаса?!  
Көңілің қайда жай табар,  
Көгерге дәулет болмаса?!  
Қолдың көркі болар ма,  
Барабан, керней болмаса?!  
Жұлдыздың көркі болар ма,  
Ішінде бір Ай болмаса?!  
Халықтың көркі болар ма  
Басқарған ханы болмаса?!  
Кенесары мен ішінде  
Ер Наурызбай болмаса?!*

Ұлы жыраудың бұл өлең жолдары — тұнып тұрған тағылымды нақылдар. Ел мен көсемнің арақатынасы айқын да анық айшықталған!

*Профессор Е.Бекмахановтың өзінің зерттеуінде Нысанбай жырау жөнінде берген деректері*

Атақты тарихшы Ермұхан Бекмаханов «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20–40 жылдарында» дейтін еңбегінде қазақ фольклоры мен әдебиет тарихына қатысты ұшан-теңіз әдебиет пен фольклорлық деректерге жүгінген. Зерделі зерттеуші, ғұлама оқымысты Кенесары-Наурызбай көтерілісінің шындығын шынайылықпен суреттеген Нысанбай жыраудың «Кенесары–Наурызбай» дастанындағы тарихилық пен деректілікті орайлы жарасыммен қолданған [6]:

*Солтүстікте орыс бар,  
Жеріңмен берсең малыңды.  
Балаңды берсең солдатқа,  
Отыратын қоныс бар.  
Күниығыста шүриіт бар,  
Адам жейтін аюдай...  
Оңтүстікте Қоқан бар  
Қатын қылып қызыңды.  
Қарсы келсең дарға асып,  
Күнде Қоқан қоқаңдар.*

Абылайдың ақылшысы болған Бұқар жырау секілді Нысанбай жырау да Хан кеңесіне қатысып, саяси мәні бар мәселелерде өз ойын ортаға салып, пікір қосып отырған.

Нысанбай жырау Кенесары әскері жеңіліске ұшыраған тұста Кенесары Наурызбаймен бірге жау қолына түседі. Бұл оқиға туралы орыс зерттеушісі Я.Палферов былай деп баяндаған: «Кенет шатқал тыныштығын домбыра үні бұзды, оған қоса «е..е..Алла..» деп алып басталған қайғылы, жан түршіктірет, Нысанбайдың сол жерде шығарған жоқтау өлені басталды:

*Еркін жел бүгін тынықсын,  
Ақындар әнін ұмытсын.  
Ерке ұлын іздеп жоқтаған,  
Туған жер зары естілсін.  
От тиген қалың ағаштай,  
Жалындап кетті-ау, Кенекем.*

Жоқтау ұзақ, қайғылы түрде айтылып, шатқал-шатқалды, сай-сайды қуалап, кең далаға Кенесары батырдың өлімін естіртіп кете барады. Зар жылаған домбыра үні барлық дүниені булықтырады. Тыңдаушылардың қара торы жүзін жас жуды, кейде олар өксіп-өксіп қояды. Бүкіл табиғат осы жұбатуға болмайтын әнмен бірге жылап тұрған сияқты» [3; 337].

Кене хан көреген саясаткерлік қабілеті арқасында Ресей басқыншыларынан жеңілетінін білді де. Алайда әріден ойлаған адамға Кене ханның «қазақ рухы биік екен деген ой басқыншылардың жүрегін шайлықтырсын әрі кейінгі ұрпағым ата-баба ісінен беті қызармасын», — деген мақсатпен басын бәйгеге тіккендігі түсінікті де [7].

Ақиық Мағжан ақын:

*Алашты талай-талай ерлер өткен,  
Ерлерде Кенекеме кім бар жеткен?  
Сүйремей елін өрге, көрге сүйреп,  
Ер емес, «ершіктер» ол ерді еңіреткен, —*

деп жырласа, төкпе ақын Нысанбай [4; 54, 55]:

*Халық иесі хандарды  
Қалай айтсам, мін бар ма?!  
Шегірткеге таланған  
Қырғауылда жүн бар ма?!  
Жапалақтан сескенген  
Жалғыз қазда үн бар ма?!  
Хандарынан айрылған  
Иесіз жұртта сын бар ма?!  
Кенесары, Наурызбай  
Бір көрінер күн бар ма?!  
Кене ханның тұсында  
Қарт бурадай жарадық  
Жауды жасқап, жапырып,  
Жауған қардай борадық.  
«Абылайлап ат қойып,  
Дұспанның алдын орадық.  
Кене хан жазым болған соң,  
Шіл бозғындай тарадық.  
Көрінгеннен қорғалап,*

*Кісі аузына қарадық!  
 Өзіміз шапқан Созақта  
 Сарттан ақыл сұрадық.  
 Наурызбай төре кеткен соң,  
 Бастан ауды бағмыз.  
 Кенесары кеткен соң,  
 Иесіз қалды тағмыз.  
 Бұлбұлдай сайрап жүр едік,  
 Байланды тіл мен жағмыз.  
 Азғанымыз емес пе  
 Қойшыдан сынды сағмыз.  
 Артында қалған жетім ел,  
 Келіспей кетті сәніміз.  
 Ақырында, әлеумет,  
 Осындай болды халіміз, —*

деп тарихи шындықты көрсеткен.

Өкінішке қарай, Ресейге көгендеулі болған уақытта қазақ тарихы табиғи қалпынан күштеп ажыратылды. Бір ғана мысал, Кенесарының тарихи бейнесі тұрғысында қалам тербеген ұлттық тарихтың тарланы Е.Бекмаханов жазықсыз қудаланды.

#### *І.Есенберлиннің «Қаһар» романындағы Нысанбай жырау бейнесі*

Белгілі жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері С.Досанов «Ұлттық рухты оятқан ұлы суреткер» атты мақаласында былайша толғанады: «І.Есенберлинді халықтың сүйіспеншілігіне бөлеген аса іргелі, ірі еңбегі «Көшпенділер» трилогиясы. Оның алғашқы томы — қамал бұзған қаһарман кітап — «Қаһар» романы 1969 жылы «Жазушы» баспасынан алпыс мың таралыммен басылып шықты. «Қаһар» бірінші болып шыққанмен, трилогияның бірінші емес, үшінші томы еді. Сосын «Көшпенділердің» бірінші кітабы «Алмас қылыш» (1971), екінші кітабы «Жанталас» (1973) жарық көрді. Бұл — көріпкел болмаса да, көреген автордың тактикалық тәсілі еді. Аса қиын, мейілінше даулы тақырыпқа барған автор Кенесары ханның күрделі тағдырын өзек еткен ең қаһарман кітаппен қамал бұзса, өзгелеріне жол ашыларына сенді [8].

Нысанбай жырау — «Қаһар» романындағы әдеби көркем бейне. Кітап композициясындағы сюжеттік бөліктерде Нысанбайдың шығармашылық тұлғалануы әр қырынан алынып бейнеленген. Ең бастысы — эпик жыршылығы. Роман композициясында Кенесары ханның жанында болған ақылшы-кеңесшісі және ұлт-азаттық көтерілісінің басталуынан аяқталуына дейінгі майдандарға қатысқан жорықшы жырау.

Ұлы жырау Қазақ мемлекетінің дамуы да, әлсіреуі де халықтың ата-бабалар қалыптастырған елдік-отаншылдық жолынан ауытқымауы екендігін дәлелдеп жырлаған: «... Тәуекел, Есім, Өз Тәуке хандар — сырт дұшпандар шеніне келе алмаған айбынды мемлекетке айналғанын көзі от шаша отырып жырға қосты. Кең байтақ жерді алып жатқан Үш жүзден құралған елдің ауыз бірлігі күшті болғанын, үнемі бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып отырғанын дәріптей келе:

*Арғын болсаң Алтай бол,  
 Найман болсаң Матай бол,  
 Ашың болсаң Адай бол,  
 Бұл үшеуі болмасаң,  
 Қайсысы болсаң сонысы бол!  
 Мейлі Құдай бол! —*

деп қазақ елінің ең жауынгер руларының шашпауларын көкке көтере шырқап, осы бірлестік Тәуке хан өлісімен тағы бұзылғанын, әр тайпа сұлтандары хандыққа таласып, елдің шырқын кетіргенін айтып берді» [9; 79].

Жазушы Қазақ хандығы мемлекеттігі тарихының әлсіреген жағдайындағы бодандық-отарлық бұғауға түскен кезеңдер шындығын жыршы-ақынның жырлауында көркемдік ойлау заңдылығы аясындағы романтикалық-реалистік болмысымен елестете бейнелеген: «Даусы қарлығып болдыруға айналған Нысанбай тек ел жатарда ғана Абылайдың қарақалпақ әйелінен туған ұлы Уәлидің Ресейге қол шоқпар болып кеткенін, қалмақ қатынынан туған Қасым төренің әке жолын қуып, қазақтың басын қосамын деп бәйек болып жүргенін мадақтай келіп, кенет оқшау отырған Кенесарыға қарай:

*Абылай жолы ауыр жол:  
Батыр Кене, біліп қой.  
Абылайдай берік бол.  
Алам десең абырой, —*

деп ұзақ жырын бітіреді [9].

Романның соңғы тарауында қазақ даласынан қоныс аударуға бет алған Кенесарының көрген түсінде Нысанбайдың жоқтау («Тұлпардан сайлап ат мініп»), Досқожаның қоштасу («Қалдың сен қайран елім, кең қонысым») өлеңдері қолданылған [10].

Сөз соңында айтарымыз, «Қаһар» романы композициясында Нысанбайдың эпик жыршылығы Қазақ хандығы мемлекеттік тарихын шежірелік баянмен жырлаған сәттері арқылы көрінеді. Романда Нысанбай–Кенесары ханға дейінгі қазақ тарихын жетік білетін шежіреші-жыршы ретінде танылатын тұлға.

### *Түйін*

XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең тұлғалы өкілдерінің бірі, атақты сөз зергері Нысанбай ақын өзінің Кенесары туралы көлемді тарихи дастанын былайша тәмамдаған [4; 55]:

*Бұл қиссаны шығарған  
Нысанбай деген жыршы еді,  
Кене ханның тұсында  
Жұрттан озған сыншы еді, —  
Айтқан сөзі үлгілі  
Құлақтың бір құрышы еді,  
Өлең-жырға Нысанбай  
Мәшһүр шешен, нар еді.  
Бір естіген адамдар  
Сөзіне тағы зар еді, —  
Көзімен көріп, сөз қылған  
Соғыста өзі бар еді.*

Сол Нысанбай, халық санасына сіңген, әдебиет тарихының бел ортасынан ойып орын алған аруақты ақын ұзақ жылдар бойы ел тарихынан, рухани өмір шежіресінен шеттетілді. Неге екені айтпаса да түсінікті. Қазақ мемлекетінің ең соңғы ханы, халық батыры Кенесары жоғарыдан түскен қаулы, нұсқау бойынша «бүлікшіл, реакцияшыл, кертартпа, жау» болып жарияланғанда, патриот ақын Нысанбайдың да жолы кесілді. Жалғыз Нысанбай жырау ғана емес, ел қамын айтқан жақсылардың бәрінің де көрген кебі еді бұл. Қолынан ыркы, аузынан сөзі кеткен жұрт басына түскен ауыр салмақтың бір ұшығы еді бұл. Дәл осы уақытта Қазақ қоғамының болмысы өзгеріп бара жатқанына наза болған, отарлық езгіден туындаған қайшылықтардан елді сақтандыруды мақсат тұтқан өлең-жырлар кең таралды. Нарманбет Орманбетұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы сынды «зар заман» ақындары шығармаларында саяси өмір шындығы көрініс тапты. Сондықтан да олар қуғынға түсті. Махамбет, Дулат, Базар жыраулар бұрмаланды. Бүкіл XIX ғасыр әдебиеті теріс жазылды. Әдебиет тарихы ғана емес, азаматтық тарихымыз да қате түсіндірілді.

Қазір бұл туралы айтылмай жатқан жоқ. Мысалы, тәуелсіздігімізді алғаннан кейін Нысанбай есімі қайта жаңғырды. Атақты жыраудың дастаны 1996 жылы «Қазақ халық әдебиеті» көп томдық жинағының 17-томында профессор Ш.Ыбыраевтың алғы сөзімен жарық көрді. Соңғы жылдары «Парасат» және «Жұлдыз» журналдарында, 2008 жылы жарық көрген «Батырлар жырының» жетінші томында басылды. Осы басылымдардың тек соңғысында ғана аты-жөні толық жазылып, «Нысанбай жырау Жаманқұлұлы» деп көрсетілген [11].

Өкінішке қарай, әлі күнге дейін Нысанбай жыраудың бейітінің нақты қай жерде екені күмәнді. Атақты тарихшы Е.Бекмаханов «Кенесары қаза тапқаннан кейін Нысанбай көп жылдар бойы Орта Азияны шарлап жүріп, 1870 жылы жоқшылықта қайтыс болды» деген дерек келтіреді. Кейбір деректер оның бұдан кейінірек қайтыс болғаны туралы айтады. Қазақ энциклопедиясында: «Нысанбай жырау — Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Аққошқар ауылында жерленген» — деп жазылған.

Нысанбай Орта Азия елдерінде біршама уақыт жасырынып жүрген. Бірақ туған жеріне қай жылдары қайтып келгені туралы нақты дерек жоқ.

Ұрпақтарының айтуынша, жыраудың қолынан қобызы түсіп, байыз тапқан уақыты — 1883 жыл. Оның бейіті Қызылорда облысының Жалағаш ауданына қарасты «Күлтары түбегі» деген жерде

орналасқан. Бұны белгілі журналист, жазушы Т.Бекниязов жазып, дәлелдеп жүр: «Ақын Аққошқар ауылының солтүстік батысында екі шақырымдай жердегі Құлтарыда жерленген» [12].

Төрегелді Бекниязов Еңбек ауылында туып-өскен, көнекөз қариялар сөзін тыңдап, солардан естіп-білгенін жазған.

Нысанбай жыраудың туған-туыс, жұрағаты әлі күнге Жалағаш ауданында тұрып жатыр. Ақын жайынан хабардар ұрпақтары Нысанбайдың Еспембет есімді баласы, Жақып деген немересі болғанын айтады. Ал оның жақындарынан тарайтын Әбілқасым, Кенжеғұл деген азаматтар Ұлы Отан соғысында қаза тапқан. Жыраудың өнері дарып, жыр-терме айтқан осы Кенжеғұл көрінеді. 1990 жылдардың басында Нысанбайдың әкесі Жаманқұл еді деп жария қылған жыраудың көзі тірі ұрпақтарының бірі Жұмабек ақсақал болатын [5; 79].

Қорыта айтқанда, алдағы уақытта бейіттің Нысанбай жыраудың бейіті екенін әлі де зерттеу керек. Расталған жағдайда, оның басын дұрыстап қарайтып, қасындағы ауылды ұлы ақынның атымен атауымыз қажет сияқты. Өйткені «Аққошқар» ауылының қазіргі атауы «Еңбек» ауылы екен. Ал ауылдың атын «Нысанбай» ауылы деп атайтын болсақ, бабамыздың ұлы рухын қайта жаңғыртқан болар едік. Нысанбай жыраудың ерлікке толы жырларынан сусындаған ұрпақ, кеңес кезінде қалыптасып, әлі де жалғасып келе жатқан құлдық санадан тездетіп арылар еді.

Нарықтың жетегінде кетіп, басқа нәрсеге мойын бұрып қарауға шамамыз келмей қалғанымен, етек-жеңімізді жинап, ұмыт қалмаса да халық онша танымайтын бабаларымызды дәріптейтін кезең келді. Солардың бірі — Нысанбай жырау! Сонау қиын-қыстау заманда ұлттың рухын көтерген Нысанбай сияқты тарихи тұлғамызды барынша ұлықтап, лайықты бағасын беру керек. Намыс туын көтеріп, ел азаттығы жолында күрескен, сол жолда мерт болған Кенесары, Наурызбай сияқты ерлеріміздің ерлік істерін жырлаған Нысанбай Жаманқұлұлының аты ешқашанда өшпек емес.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 *Ысқақұлы Д.* Зобалан (Е.Бекмахановтың ісі хақында) // Жалын. — 2015. — № 2. — 19–30-б.
- 2 *Нысанбай.* Кенесары-Наурызбай // Ақ Орда. — 1992. — № 2. — 16–33-б.
- 3 *Бекмаханов Е.* Казахстан в 20–40-е годы XIX века: Учебник. — Алма-Ата: Қазақ ун-ті баспасы, 1992. — 400 с.
- 4 Хан Кене. Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. — Алматы: Жалын, 1993. — 448 б.
- 5 *Бисенбаев П.* Нысанбай жырау // Ақиқат. — 2011. — № 8. — 77–79-б.
- 6 *Негимов С.* Ұлттық тарихтың тарланы // Ана тілі. — 2015. — 26 ақпан – 4 наурыз. — № 8 (1266). — 6, 7-б.
- 7 *Сарсембина Қ.* Алты Алаштың Кене ханы // Түркістан. — 2014. — 14 тамыз. — 16 б.
- 8 *Досанов С.* Ұлттық рухты оятқан ұлы суреткер // Қазақ әдебиеті. — 2006. — 31 наурыз. — № 13 (2965). — 6-б.
- 9 *Есенберлин І.* Он томдық шығармалар жинағы. Көшпенділер: Тарихи трилогия. — 7-т. — 3-кіт. — Алматы: Жазушы, 1986. — 81-б.
- 10 *Шамахова А.* Қазақ романдарындағы ақын-жыраулар бейнелері // Ақиқат. — 2007. — № 3. — 73–76-б.
- 11 *Әл-Карени (Каренов) Р.С.* Хан Кене көтерілісінің қаһарман сардары — Мәнжі батыр (туғанына 200 жыл толуына орай): Монография. — Қарағанды: ЖШС «Арка және К», 2015. — 34-б.
- 12 *Мырзағалиева К.* Нысанбай жырау // Ақиқат. — 2012. — № 11. — 127, 128-б.

Р.С.Каренов

### Отражение истории 19-го столетия в поэме Нысанбай жырау «Кенесары-Наурызбай»

В статье описываются жизнь и деятельность видного поэта-импровизатора XIX столетия Нысанбая Жаманқұлұлы. Отмечается, что в своем эпическом поэтическом произведении он показал всю важность и необходимость национально-освободительного движения против царской России в 1837–1847 гг. под предводительством Кенесары Касымова. Подчеркивается, что Нысанбай жырау не только воспел героические подвиги последнего хана казахов Кенесары, но и был под его началом непосредственным участником всех боевых действий и главных сражений против врага. Это придает особую ценность и достоверность всем сведениям, представленным в его поэме «Кенесары-Наурызбай». Автор подчеркивает, что для установления памятника и оказания должных почестей славному сыну казахского народа в последнее время предпринят ряд попыток по выявлению точного места захоронения Нысанбая жырау.

R.S.Karenov

**Nysanbaev bard — the author of the poem «Kenesary-Nauryzbai»,  
one of the prominent figures in the history of the Kazakh people**

It describes the life and work of prominent poet-improviser nineteenth century Nysanbaya Zhamankululy. It is noted that in his epic poetic work, he showed the importance and necessity of the national liberation movement against Tsarist Russia in 1837–1847 years under the leadership of Kenesary Kasymov. It is emphasized that Nysanbaev zhyrau not only praised the heroic feats of the last khan of Kazakhs Kenesary, but was also a direct participant of all hostilities and the main battles against the enemy under his belt. The conclusion is that it highlights the value and authenticity of all information submitted in his poem «Kenesary-Nauryzbai.» It reveals the importance of attempts made in recent years to identify the exact place of burial Nysanbaya zhyrau for the establishment of the monument and providing proper honors to the glorious son of the Kazakh people.

References

- 1 Iskakuly D. *Zhalyn*, 2015, 2, p. 19–30.
- 2 Nysanbay. *Ak Orda*, 1992, 2, p. 16–33.
- 3 Bekmahanov E. *Kazakhstan in 20–40 years of the nineteenth century: Textbook*, Alma-Ata: Publ. Kazakh University, 1992, p. 400.
- 4 *Kene Hahn. Historical reflections and piesy, epics*, Almaty: Zhalyn, 1993, 448 p.
- 5 Bisenbaev P. *Akikat*, 2011, 8, p. 77–79.
- 6 Negimov S. *Ana tili*, 2015, 26 February – 4 March, 8 (1266), p. 6, 7.
- 7 Sarsembina K. *Turkestan*, 2014, August, 14, p. 16.
- 8 Domanov S. *Kazakh adabieti*, 2006, March, 31, 13 (2965), p. 6.
- 9 Esenberlin I. *Complete Works in ten volumes. «Nomads» Historical trichology*, 7, 3, Almaty: Zhazushy, 1986, p. 81.
- 10 Shamakhova A. *Akikat*, 2007, 3, p. 73–76.
- 11 Al-Kareni (Karenov) R.S. *Mangin Batyr — one of the brave generals in revolt under the leadership of Khan Kene (the 200th anniversary): Monograph*, Karaganda: LLP «Arka and K», 2015, p. 34.
- 12 Myrzagalieva K. *Akikat*, 2012, 11, p. 127, 128.